

"Железин ауданының мәдениет, дene шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы

Павлодар облысы Железин ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 12 желтоқсандағы № 334/11 қаулысы

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 2-тармағына, 37-бабының 8-тармағына, Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңының 18-бабы 8) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі "Мемлекеттік органдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы" № 590 қаулысына сәйкес, Железин ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Железин ауданының мәдениет, дene шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесі осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Железин ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 27 маусымдағы "Железин ауданының мәдениет, дene шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" № 212/7 қаулысы жойылсын.

3. "Железин ауданының мәдениет, дene шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамамен белгіленген тәртіпте қамтамасыз етсін:

осы қаулыны ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілер электрондық түрдегі Эталондық бақылау банкіне қосу үшін "Қазақстан Республикасының заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы Республикалық мемлекеттік кәсіпорынына жолдансын;

осы қаулына Железин ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылсын;
осы қаулыдан туындастырылғанда оның қызығындағы мемлекеттік кәсіпорынына жолдансын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғышқы ресми жариялған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Шайхимов

Павлодар облысы

Железин ауданы әкімдігінің

2022 жылғы "12" желтоқсандағы

№ 334/11 қаулысына

қосымша

"Железин ауданының мәдениет, дene шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже 1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Железин ауданының мәдениет, дene шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – мемлекеттік мекеме) мәдениет, дene шынықтыру және спорт саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Мемлекеттік мекеме өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, мәдениет саласындағы нормативтік актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Мемлекеттік мекеме мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, қазақ және орыс тілдерінде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының Бюджеттік заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Мемлекеттік мекеме азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Мемлекеттік мекеменің ведомстволық бағынысты ұйымдары бар.

6. Мемлекеттік мекеме, егер Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. Мемлекеттік мекеме өз құзыретіндегі мәселелер бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Мекеме басшысының бүйіркітаратымен және Қазақстан Республикасының енбек заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Мемлекеттік мекеменің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Занына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 140400, Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, Железин ауданы, Железинка ауылы, Квитков көшесі, 7.

10. Мемлекеттік мекеменің жұмыс тәртібі: жұмыс күндері: дүйсенбі-жұма сағат 9.00 - ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін, демалыс күндері: сенбі-жексенбі.

11. Заңды тұлғаның толық атауы: мемлекеттік тілде – "Железин ауданының мәдениет, дene шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі; орыс тілде государственное учреждение "Отдел культуры, физической культуры и спорта Железинского района".

12. Осы Ереже мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаты болып табылады.

13. Мемлекеттік мекеменің қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес аудандық бюджеттен жүзеге асырылады.

14. Мемлекеттік мекемеге кәсіпкерлік субъектілерімен мемлекеттік мекеменің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау түрғысында шарттық қатынастарға тұсуге тыйым салынады. Егер мекемеге заңнамалық актілермен кірістер

әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер, егер Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2-тарау. Мемлекеттік мекеменің міндеттері мен өкілеттіктері

13. Мақсаттары:

- 1) мәдениет, дene шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;
- 2) аудан азаматтарының мәдени құндылықтарға қызмет көрсетуде, жасауда, пайдалануда және таратуда конституциялық құқығын қамтамасыз ету;
- 3) рухани дәстүрлерді жандандыру және басқа да ұлттық мәдениеттерді жаңғыруды, сактауды, дамытуды және таратуды қамтамасыз ету;
- 4) тарихи-мәдени мұраны сақтау және оларды жинақтау үшін жағдай жасау;
- 5) халықты дene шынықтырумен және спортпен айналысуға тарту болып табылады.

14. Өкілеттіктері:

1) Құқықтары:

- өз функцияларын орындау үшін қажетті ақпаратты белгіленген тәртіpte мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардан, өзге де ұйымдар мен азаматтардан сұратуга;

-аудан әкіміне мәдениет, дene шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік органдардың қызметін ұйымдастыруды жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізуге, мемлекеттік мекеменің жүргізуіне қатысты мәселелер бойынша ақпараттық-талдау және басқа да материалдарды дайындауды жүзеге асыруға.

2) Міндеттері:

- жергілікті атқарушы органдар өткіzetін іс-шараларды өткізуге қатысу;
- мемлекеттік мекеменің құзыретіне кіretіn аудандық бағдарламаларды қаржыландыруды жүзеге асыру;
- мәдениет, дene шынықтыру және спорт саласындағы ұйымдарға ұйымдастырушылық-әдістемелік және ақпараттық көмек көрсету.

15. Функциялары:

- 1) мәдениет объектілерінің инфрақұрылымын дамытуды және материалдық-техникалық базасын нығайтуды қамтамасыз етеді;
- 2) мәдениет саласындағы эстетикалық тәрбие, көркем білім беру және ғылыми-педагогикалық қызмет үшін жағдайлар жасайды;
- 3) аудандық қоғамдық-мәдени, спорттық іс-шараларды өткіzedі;
- 4) ұлттық-мәдени бірлестіктермен және қоғамдық ұйымдармен жұмысты жүзеге асырады;
- 5) мемлекеттік мекеменің құзыретіне кіretіn ұйымдастыру-әдістемелік және ақпараттық-талдау жұмыстарын орындауды;

6) аудан халқының мәдени қажеттіліктерін болжауды, ауданда кәсіби-мәдени қызмет көрсету жүйесін дамытуды қамтамасыз етеді;

7) мемлекеттік мәдениет мекемелерінің көркем оқу-әдістемелік, ақпараттық әдебиетпен қамтамасыз етілуіне талдау жүргізеді;

8) мәдени-демалыс жұмысын, аудандық кітапханалардың жұмыс істеуін қолдауды қамтамасыз етеді;

9) дene шынықтыру және спорт саласындағы талдамалық және әдістемелік жұмыс;

10) әр түрлі спорт түрлері бойынша аудандық, топтық спорт жарыстарын дайындау және өткізу;

11) қорғаныс істері, білім беру бөлімдерімен, қоғамдық үйымдармен бірлесіп, жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеу және оларды армияда қызметке даярлау жөніндегі жұмыстарды жүргізеді;

12) ауданда ақпараттық, білім беру және мәдени-ағарту қызметі үшін жағдай жасайды;

13) аудандық коммуналдық заңды тұлғаларды құру, қайта үйымдастыру және тарату туралы актілерді әзірлейді, әкімдіктің шешімі бойынша аудандық коммуналдық заңды тұлғаны қайта үйымдастыруды және таратуды жүзеге асырады;

14) аудандық коммуналдық заңды тұлғалардың жарғыларын (ережелерін), оларға енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды әзірлейді.

15) уәкілетті органның келісімі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен музыка өнері, кітапхана және музей ісі, мәдени-демалыс қызметі саласындағы ауданың мемлекеттік мәдениет үйымдарын құрады, қайта үйымдастырады, таратады;

16) музыка өнері, кітапхана және мұражай ісі, мәдени-демалыс қызметі саласында ауданың мемлекеттік мәдениет үйымдарының қызметін қолдайды және үйлестіреді;

17) мәдени құндылықтарды есепке алу, қорғау және пайдалану жөніндегі жұмысты үйимдастырады;

18) ауданың ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шараларын, сондай-ақ шығармашылық бірлестіктердің әуесқойлары арасында байқаулар, фестивальдер мен конкурстар өткізуді жүзеге асырады;

19) ауданың мемлекеттік мәдениет үйымдарын аттестаттаудан өткізеді;

20) өз құзыреті шегінде мәдениет саласындағы коммуналдық меншікті басқаруды жүзеге асырады;

21) ауданың мәдени мақсаттағы объектілерін салу, қайта жаңарту және жөндеу бойынша бақылауды жүзеге асырады;

22) мемлекеттік мәдениет үйымдарын қолдайды және материалдық-техникалық қамтамасыз етуде жәрдем көрсетеді;

23) жеке тұлғалардың спортпен шұғылдануы үшін, оның ішінде халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтарының тұрғылықты жері бойынша және көпшілік демалатын орындарда қолжетімділігін ескере отырып, инфракұрылым жасайды;

24) бұқаралық спортпен айналысуға арналған спорттық Жабдықтың қауіпсіз пайдаланылуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

25) спорт түрлері бойынша аудандық құрама командаларды даярлауды және олардың облыстық спорттық жарыстарға қатысуын қамтамасыз етеді;

26) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында бұқаралық спортты және ұлттық спорт түрлерін дамытуды қамтамасыз етеді;

27) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында аудандық дene шынықтыру-спорт ұйымдарының қызметін үйлестіреді;

28) спортшыларға спорттық разрядтар беру бойынша мемлекеттік қызмет көрсетеді;

29) спорттық-бұқаралық іс-шаралардың бірыңғай өңірлік күнтізбесін іске асырады;

30) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында спорттық іс-шараларды ұйымдастыруды және өткізуді үйлестіреді;

31) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында дene шынықтыру мен спортты дамыту жөнінде ақпарат жинауды, талдауды жүзеге асырады және ұсынады;

32) аккредиттелген өңірлік және жергілікті спорт федерацияларының ұсыныштары бойынша спорт түрлері бойынша аудандық маңызы бар құрама командалардың тізімдерін қалыптастырады және бекітеді;

33) ресми дene шынықтыру және спорт іс-шараларын медициналық қамтамасыз етуді ұйымдастырады;

34) спорт ұйымдарына әдістемелік және консультациялық көмек көрсетеді;

3-тaraу. Мемлекеттік мекеменің бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттігі

16. Мемлекеттік мекемеге басшылықты мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

Мемлекеттік мекеменің бірінші басшысы бағынысты қызметкерлердің сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу жөніндегі лауазымдық міндеттерін орындағаны немесе тиісінше орындағаны үшін "Сыйбайлас жемқорлықта қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тәртіптік жауаптылықта болады.

17. Мемлекеттік мекеменің бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

18. Мемлекеттік мекеменің бірінші басшысының орынбасарлары жоқ.

19. Мемлекеттік мекеменің бірінші басшысының өкілеттігі және мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болады:

1) Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес мемлекеттік мекеменің қызметкерлерін қызметке тағайындалды және қызметтөн босатады;

2) өз құзыретіндегі мәселелер бойынша бұйрықтар шығарады, сондай-ақ мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті нұсқаулар береді;

3) мемлекеттік органдарда, өзге де ұйымдарда мемлекеттік мекеменің атынан өкілдік етеді;

4) атқарушылық және еңбек тәртібінің сақталуын, кадр қызметінің жұмысын және құжат айналымының ұйымдастырылуын бақылайды;

5) мемлекеттік мекеменің қызметін қамтамасыз ету және оған жүктелген міндеттерді орындау мақсатында мемлекеттік сатып алушы өткізуі үйымдастырады;

6) мемлекеттік мекеменің қызметшілерін іссапарға жіберу, оларға демалыс беру, материалдық көмек көрсету, көтермелебеу, ұстемеақы төлеу және сыйлықақы беру мәселелерін шешеді;

7) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет туралы Заңына сәйкес мемлекеттік мекеме қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолданады;

8) мемлекеттік мекемеде сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағытталған шараларды қабылдайды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды қабылдау үшін дербес жауапты болады;

9) мәдениет пен спортты дамыту саласындағы заңнамаға сәйкес мемлекеттік мекеменің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

Мемлекеттік мекеменің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін орындауды Мемлекеттік қызмет туралы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес оны алмастыратын адам жүзеге асырады.

20. Мемлекеттік мекеменің аппаратын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет туралы Заңына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтөн босатылатын бөлім басшысы басқарады.

21. Мемлекеттік мекеме мен коммуналдық мülікті басқару жөніндегі уәкілетті орган (жергілікті атқарушы орган) арасындағы өзара қарым-қатынастар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік туралы қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

22. Мемлекеттік мекеме мен тиісті саланың уәкілетті органы (жергілікті атқарушы орган) арасындағы өзара қарым-қатынастар "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен реттеледі.

23. Мемлекеттік мекеменің бірінші басшысы мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қарым-қатынастар Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

4-тарау. Мемлекеттік мекеменің мүлкі

24. Мемлекеттік мекеменің Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болады.

Мемлекеттік мекеменің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік туралы заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

25. Мемлекеттік мекемеге бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

26. Егер Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік туралы заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мекеменің өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алғанған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату

27. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

6-тарау. Мемлекеттік мекеменің ведомстволық бағынысты ұйымдары

1) "Железин ауданының тарихи-өлкетану мұражайы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

2) "Құдайберген Әлсейітов атындағы Железин аудандық мәдениет үйі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

3) "Железин ауданының орталықтандырылған кітапхана жүйесі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.